

## **Өңірлік саясат жөнінде кеңес құру туралы**

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің  
2018 жылғы 13 желтоқсандағы № 155-ө өкімі

### **Өңірлік саясат жөніндегі кеңес туралы ереже**

#### **1. Жалпы ережелер**

1. Өңірлік саясат жөніндегі кеңес (бұдан әрі - Кеңес) Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы консультативтік-кеңесші орган болып табылады.

2. Кеңес өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының заңдарын, Қазақстан Республикасы Президентінің және Үкіметінің актілерін, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерін, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

3. Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі Кеңестің жұмыс органы болып табылады.

4. Кеңестің отырыстары қажеттілігіне қарай өткізіледі.

#### **2. Кеңестің міндеттері**

5. Кеңестің негізгі міндеттері:

- 1) өңірлік даму және елдің әкімшілік-аумақтық құрылысын жетілдіру мәселелері;
- 2) өңірлердің бәсекеге қабілеттілігін және өңіраралық өзара іс-қимылдың тиімділігін арттыру бойынша ұсынымдар және ұсыныстар әзірлеу болып табылады.

#### **3. Кеңестің қызметін ұйымдастыру мен оның тәртібі**

6. Кеңестің қызметін ұйымдастыру мен оның тәртібі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 16 наурыздағы № 247 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы консультативтік-кеңесші органдар мен жұмыс топтарын құру тәртібі, қызметі мен таратылуы туралы нұсқаулыққа сәйкес жүзеге асырылады.